

Мнемокестелер: пайдасы мен маңызы

Баланы – өміріміздің мәні мен сәніне балайтын халқымыз олардың тәрбиесі мен жан-жақты дамуына үлкен жауапкершілікпен қараған. Соның ішінде бала тілінің ерте шығып, жасына сай сөйлеуі, жеке тұлға болып қалыптасуы жолында бар күш-жігерін салған.



Марияш ЖАНУЛИНА,
№17 ББ тәрбиешісі,
Қостанай қаласы

Сөйлеу қабілетін дамыту үрдісі мектеп жасына дейінгі баланың ең маңызды әрекеттерінің бірі және тәрбиелеу мен оқытудың негізі болып саналады. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балаларда сөздік қорының төмендігі жиі кездесетін құбылыс. Балалармен жұмыс барысында, олардың сөйлеу тілінің дамымағанын, күнделікті өмірдегі оқиғаларды айтуда қиналатынын, айтылған әңгімені қайталап айтып бере алмайтынын, берілген материалды есте сақтауда қиналатынын кездестіруге болады. Осындай жағдайларға бүлдіршіндердің бір буынын сөзді ғана айтып, грамматикалық жағынан сөйлемді дұрыс құра алмауы, сөздік қорының жеткіліксіздігі, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі жауап бермеуі – бірден-бір себеп.

Дегенмен ондай кемшіліктерге жол беріп қоймай, керісінше берілетін ақпаратты балаларға қызықты әрі көңілді әрекеттермен санасына ұғындыру керек. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін мнемокестелердің стандартты жаңа әдіс-тәсілдерін қолданған жөн деп санаймын. Баланың қоршаған орта тура-

лы білімдерін кеңейтіп, алған ақпараттарын жақсы есте сақтау дағдыларын қамтамасыз ететін мнемокестелер жүйесі грек тілінен аударғанда «есте сақтау өнері» деген мағынаны береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың зеректігін, байқағыштығын салыстыру, маңызды ерекшеліктерін бөліп көрсету қабілетін дамыта отырып, ертегі, ойын, экология және т.б. сипаттағы өнертапқыштық тапсырмаларды шешуіне ықпал етеді. Оқуға, үйренуге деген ынта-жігерін арттырады.

Мнемокесте жұмыс барысында балалардың сөздік қорын байыту, мәтіндерді қайталауда, әңгімелеуде, таппак жаттауда, тіл жаттығуларында, жұмбақтарды шешуде қолданылып, дидактикалық материал ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ жеке бейнелердің балалар жадында тезірек сақталуына көмектеседі. Мысалы, түлкі – қызыл, шырша – жасыл, т.б. деген сияқты. Мнемоникалық кестелермен жұмыс істеу реті алдымен кестеге қарап, онда берілген ақпаратқа көз жеткізіп, сөздердің ойлаған кескінін бейнеге айналуын қамтамасыз етеді. Қайталаудан соң ертегі баяндалып, берілген тақырып бойынша әңгіме айтылады немесе шартты белгілер бойынша өлең оқылады (суреттер, яғни жаттау әдісі пысықталады).

Тәжірибем барысында мнемокестені пайдаланып, өтпелі тақырыптарға сай сипаттамалық әңгімелер құрастырумен айналысамын. Көрнекі сызба арқылы сөйлеу қабілеттері жетіліп, балалардың ынтасы артады. Бала неден бастау керектігін, әңгімесін қалай жалғастырып, оны нақтылап, соңында қалай аяқтау қажет екенін біледі. Бұған нысандардың әртүрлі қасиеттерін білдіретін белгілерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Осы тұста жабайы және үй жануарларын мысалға алсақ, олардың түсі, дене мүшелері, дауысы, немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні және адамға қандай пайда әкелетіндігі жөніндегі сұрақтармен анықталады. Сондай-ақ тірек-сызбаларды пайдаланып, сабақты ойынға айналдыруға таптырмас мүмкіндік.

Жалпы мнемокестелермен жұмыс істеудің нәтижесі көңіл қуантады. Токталып өтер болсақ: балалардың қоршаған орта туралы білімі кеңейеді, әңгіме, мәтіндерді қайталап айтуға, қызықты дүниелерді ойлап табуға шабыттанып, жұмбақ, жаңылтпаш, өлең жаттауға қызығушылығы оянады, сөздік қоры арта түседі, ұялшақтық әдеттерін жеңіп, көптің алдында өзін еркін ұстауға үйренеді.